


Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі

Түркістан облысы Сайрам ауданы

«Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі

Бекітемін:  Д.Б. Сыдыкова

Тақырыбы: «Қош келдің, әз Наурыз!»



Тобы: «Ақкөгершін, Қарлығаш,
Ақбота, Құлыншақ, Балапан.

Таскешу 2022ж.

Қош келдің, әз Наурыз!

Мақсаты: Балаларға Қазақ халқының ұлы мерекесі Наурыз мейрамы жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт-дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесін тойлау. Ұлттық салт - дәстүр, әдет - ғұрып жайында қарапайым түсінік беру. Ұлттық дәстүрдің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың ой - қиялының, шығармашылық белсенділігінің және бейнелі ойларының дамуына ықпал ету.

Мазмұны: Бүкіл тіршілік атаулының түрленіп, жанаруы паш етілді. Мейрамның ең қадірлі дәмдері мен қасиетті сөздері кеңнен насихатталады.

Түрлі салт - дәстүрлер көрсетіледі.

Жүргізуші: Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,

Маңдайымнан сүйіп жатыр күн көктем.

Жарығыңмен, шуағыңмен Күн-Ана,

Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

Жыр сыйлайық, нұр сыйлайық тірлікке,

Қастерледік қадіріңді білдік де.

Құтты болсын ұлыс күн жұмылдырған,

Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке.

Жүргізуші: Қайырлы күн, мейрамға жиналған барша қауым. Бүгінгі Ұлыстың ұлы күні ата-баба сөзімен айтқанда ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы-бұл көктем мен еңбектің мерекесі, күн мен түн теңесетін күн. Бұл мейрам 22 наурыздан 19 сәуірге дейін тойланатын ұзақ мейрам. Көктем мен Жана күн мерекесі. Құрметті ұстаздар, ата - аналар, қонақтар. Бәріміздің көптен күткен Наурыз мерекесі келіп қалды. Мерекелеріңізбен құтты болсын! Наурыз «Жана күн» деген сөз. Яғни бұл күн біздің ата - бабаларымыз, арғы тегіміз, мыңдаған жылдардан бері мерекелеп келе жатқан жыл басы мерекесі. Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын! Олай болса, бүгінгі «Қош келдің, әз Наурыз!» атты мерекелік думанымызды ашық деп жариялаймын

Алқа-жұртым, той-думан,

Ортамызда ашайық.

Ән мен күйді төгіп біз,

Інжу маржан шашайық!

Ән: «Наурыз» орындайтын Айзере

Жүргізуші: Тойдың жалғасын бөбекжайымыздың ең кішкентай қызғалтақтарымыздың биімен жалғастырайық «Балапан» тобының бүлдіршіндері қабыл алыңыздар

Би: «Қазақша»

Келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік

Тақпақтар:

Айсұлтан: Уа, ағайын халайық

Мұнда назар салайық

Мерекесі халықтың

Наурыз тойын бастайық

Бақытжан: Наурыз тойым, наурыз тойым

Құтты болсын халайық

Қане достар, қане достар

Шырқап әнге салайық

Аяла: Көктем келді балақай

Жасарды жер алақай

Наурыз тойын тойлайық

Әсем әнге салайық.

Жүргізуші: Наурыз - Ұлыстың Ұлы күні. Наурыз жыл басы. Бұл күн, күн мен түн теңесіп, табиғат ананың оянып, жер көгеріп, төрт түлік төлдеп, ақ құйылып, дүние әлемінің жаңарып, жайнаған кезі. Барша халық асыға көптен күтетін шырайлы да, шұғылалы көктем мерекесі, жыл басы Наурыз айы Арқа төсіне де

келіп жетті. Қай ақынды алып қарасақ та, осы көктем мезгіліне өздерінің сұлу жырларын арнаған.

Айтыс: «Ақкөгершін»тобы

Айтысатын:Арысбек - Балсу

Жүргізуші:Құдай-ай,сен осындай көкпеңбек пе ең?», -деп ақын Мұқағали Мақатаев жырлаған көктем де келді. Тоң болып қалған қарлар жібіп,жылғалардан аққан сулар жа күміс қоңыраудай сылдырап, әсем бір күйге бөлейтін шақ - Наурыз айы, Наурыз тойы да басталды.

-Балалар бізде Ұлыстың Ұлы күні ақ бата алып, шашу шашатын кім екенін білесіңдер ме!

Қыдыр Ата!Наурыз Әже!

Ендіше ортаға ақ батасын беруге Қыдыр ағамызды шашуын шашуға Наурыз әжемізді шақырайық!

ҚЫДЫР АТА:(Жарқынай апай)

Сұрасаң бата берейін,

Үстем болсын мерейің

Ықыласпен қол жайсаң,

Ақ тілекті төгейін

Ұлыс оң болсын

Ақ мол болсын

Қайда барсаң жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын!Әумин!

НАУРЫЗ ӘЖЕ: (Эльмира апай)

Жүргізуші:«Наурыз келсе,күт келгені,халайық!»

Есік ашып,шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық (отырған қонақтарға шашу шашу)

Қыдыр ата! Наурыз Әже! Ортаға жайғасындар бүгін біздің «Алтын дән»

Ауылында үлкен той болғалы жатыр бізбен бірге тойлатыңыздар!

Қыдыр ата: Жарайды құрметтеп бізді төрге шақырсандар ешқандай қарсылығымыз жоқ. (Ортаға барып отырады)

Жүргізуші: Қыдыр ата Наурыз әже біздің мерекеге арналған кішкентай бүлдіршіндеріміздің биін қарсы алыңыздар

«Құлыншақ» тобының қыздарының орындауында

Би: Қамажай

Жүргізуші: Бауырласқа тәнтіміз,

Бұзылмаған салтымыз.

Кен даламыздың ежелгі,

Қазақ деген халқымыз

Өзге ұлттай бізде де,

Бар дәстүр мен салтымыз

Халқымыз «Астыңдағы атыңнан құласаң да, ұлтыңның салтынан құлама» деген, ұлттық салт - дәстүрлерімізге кезек берсек.

Наурыз мерекесінде салт - дәстүрлер жаңғыратынын жақсы білесіз. Сондықтан да біздің мерекеге келіп отырған қонақтармыз «БЕСІККЕ САЛУ» дәстүрін көрсетпекші. Соны тамашалайық.

Қарлығаш тобы: «Бесікке салу»

Жүргізуші: Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз құтты болсын!

Күлімдеген шуакты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келді. (Ендіше, балалардың наурызға арналған тақпақтарын тыңдаңыздар.)

Тақпақтар:

С.Раяна: Жылдың басы наурыз,

Жердің басы наурыз

Мерекеге арналсын

Бүгінгі ән жырымыз

Амина: Сәнді көктем нұрымен

Наурыз тойы жырымен

Көңіл гүлдей жайнасын

Наурыз тойы тойлансын

Жайна: Наурыз шптттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билеймиз бәріміз.

Алихан: Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр төгіп

Шуақ шашып ақ жүзің

Жүргізуші: Келесі рәсімімізді бастамас бұрын «Ақбота» тобының мерекеге арнаған «Кесе» биін тамашалаңыздар

Би: «Кесе»

Жүргізуші: Тойды одан әрі «ТҰСАУ КЕСЕР» рәсімімен жалғастырсақ деген тілек бар. Бүгінгідей ұлы мерекеде аяқтарын апыл - тапыл басып, бақша есігін аттағалы отырған балаларыңыз бар. Мына жиналған халық, мына отырған немерелеріңіз ата салтын, халық дәстүрін көріп тамашаласың.

Жүргізуші: Таң шапағын қарсы алып Наурызда

Құт-береке тілейміз баршаңызға

Ұлыстың ұлы күнін қарсы алайық

Шат көңілмен бәріміз ән салайық

Құтты болсын ұлыстың ұлы күні

Шаттандырған елімді тәңір нұры

Думандатып мейрамды біз бастайық

Баршаңызға биден шашу шашайық

Мерекені қазақ халқының ұлттық биімен жалғастырамыз, қарсы алыңыздар.

Би: «Қазақша» «Ақкөгершін» тобының сұлу қыздарының орындауында

Жүргізуші: Ал енді «Сұрақ-жауап» ойынын өткізейік.

1. Қазақ халқының тойлары қандай дәстүрмен басталды?/Шашу/

2. Қазақтың ұлттық әйелдер бас киімдері қалай аталады?/қыздар бас киімі-сәукеле, әйелдердікі-кимешек, жаулық/

3. Наурыз символы/жауқазын/

4. Шаңырақ дегеніміз не:/киіз үйдің төбесі/

5. Наурыз қандай мереке?(Жаңа жыл)

6. Наурыз қай мезгілде? (көктем)

7. Наурыз сөзі қай тілден енген? (Парсы)

8. Наурыздың бүгін нешесі (19)

9. Наурыз атымен байланысты қорықты ата.(Наурызым)

10. Наурызда істелінетін көже қалай аталады? (Наурызкөже)

11. Наурыз көже құрамы неше тағамнан тұрады, оларды ата?/жеті тағам: ет, тұз, бидай, май, пияз, құрт, күріш/

12. Құрметті қонаққа немесе жақындарына сақтаған ет мүшелері. (Сыбаға)

13. Малдың төлдегеннен кейінгі алғашқы сүті. (Уыз)

14. Ауылдың үлкендері жолаушылап кеткенде жастар бас қосып, бір үйге жиналып ойын-сауық құрайды. (Бастаңғы)

Кезекті салт дәстүріміздің бір бөлігі «Қыз қууға» берсек

Ортада:Қыз қуу

Жүргізуші:Енді ортаға аналарымызды шақырып ойын ойнасақ

Ойын: «Арқан тартыс»

6 ата ананы ортаға шақырамыз

Келесі кезекте «**Ақкөгершін**» тобының ұлдарының мерекеге арнаған биін қабыл алыңыздар

Би: «Батырлар»

Құрметті ата-аналар!Осымен бүгінгі мерекеміз аяқталды,келгендеріңізге көп рахмет.Сау болыңыздар!

